Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан

«21» сентября 2026 года № 342
город Астана

Министерство финансов Республики Казахстан

«9» 10 2026 года № 684
город Астана

Генеральная прокуратура Республики Казахстан

«09» 10 2026 года № 161
город Астана

СОВМЕСТНЫЙ ПРИКАЗ

Об утверждении алгоритма по организации и проведению конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в электронной форме

В соответствии с пунктом 29 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 8 сентября 2025 года «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию», утвержденного Указом Президента Республики Казахстан от 13 октября 2025 года № 1042, **ПРИКАЗЫВАЕМ:**

1. Утвердить алгоритм по организации и проведению конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в электронной форме в Сарканском районе области Жетісу и в Ерейментауском районе Акмолинской области с даты вступления в силу настоящего совместного приказа по 30 октября 2026 года.

2. Комитету по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) направление электронной копии настоящего совместного приказа в республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан для включения в Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан;

2) размещение настоящего совместного приказа на интернет-ресурсе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан;

3) принятие иных мер, вытекающих из настоящего совместного приказа.

3. Контроль за исполнением настоящего совместного приказа возложить на курирующих соответствующие направления вице-министра сельского хозяйства Республики Казахстан.

4. Настоящий совместный приказ вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Министр сельского хозяйства
Республики Казахстан

_____ **А. Сапаров**

Министр финансов
Республики Казахстан

_____ **М. Такиев**

Генеральный прокурор
Республики Казахстан

_____ **Б. Асылов**

«СОГЛАСОВАН»
Аким Акмолинской области

_____ **М. Ахметжанов**

«СОГЛАСОВАН»
Аким области Жетісу

_____ **Б. Исабаев**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 21 қыркүйектегі № 342, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 9 қазандағы № 684 және Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2026 жылғы 9 қазандағы № 161 БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҒЫ

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсты электрондық нысанда ұйымдастыру және өткізу жөніндегі алгоритмді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 1042 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 29-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған бірлескен бұйрық күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 30 қазанға дейін Жетісу облысының Сарқан ауданында және Ақмола облысының Ерейментау ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты электрондық нысанда ұйымдастыру және өткізу жөніндегі алгоритм бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бірлескен бұйрықтан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау тиісті бағыттарға жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы және қаржы вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ А. Сапаров

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры
_____ Б. Асылов

«КЕЛІСІЛДІ»
Ақмола облысының әкімі
_____ М. Ахметжанов

«КЕЛІСІЛДІ»
Жетісу облысының әкімі
_____ Б. Исабаев

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2026 жылғы 21 қыркүйектегі № 342,
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің 2026 жылғы
9 қазандағы № 684 және
Қазақстан Республикасы
Бас прокурорының
2026 жылғы 9 қазандағы № 161
бірлескен бұйрығымен бекітілген

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсты электрондық нысанда ұйымдастыру және өткізу жөніндегі алгоритм

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсты электрондық нысанда ұйымдастыру және өткізу жөніндегі алгоритм (бұдан әрі – Алгоритм) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсты (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастыру және өткізу процесін айқындайды.

2. Осы Алгоритмде мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) конкурс – шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен жер учаскесін оны пайдалану бойынша неғұрлым тиімді шарттарды ұсынған Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына беру нысаны;

2) қатысушы – шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының азаматы немесе шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасы;

3) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасы – ауыл шаруашылығы жерлері аумағын таяу болашаққа ұйымдастыруды және орналастыруды айқындайтын және негіздейтін, әрбір жер учаскесін оның жеке сипаттамаларын (құнарлылығын, технологиялық қасиеттерін, орналасқан жерін, бедерін, климатын, табиғи-тарихи, экологиялық және басқа да ерекшеліктерін) ескере

отырып, неғұрлым оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін қамтитын құжат;

4) құжаттың электрондық көшірмесі – түпнұсқа құжаттың түрі мен ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толық жаңғыртатын құжат;

5) ұйымдастырушы – мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор.

2-тарау. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3. Мемлекеттік меншіктегі және шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін беру осы Алгоритмде белгіленген тәртіппен және шарттарда электрондық нысанда e-Qazyna.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталын (бұдан әрі – веб-портал) пайдалана отырып, конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскесіне құқық беруден аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының мұндай беруді конкурстарда жүзеге асыру қажеттігі себебінен бас тартылған жағдайда, сұралып отырған жер учаскесі бойынша конкурстар жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы осындай жер учаскелерін беруге бұрын келіп түскен өтінімдерді ескере отырып қалыптастырады және оны қоғамдық кеңестермен, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдармен, Қазақстан Республикасы өңірлік кәсіпкерлер палатасының филиалымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келіседі.

Келісілген конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы келісілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді.

Тізбеге енгізілген жер учаскелері жерге орналастыру жұмыстары жүргізілгеннен кейін конкурсқа шығарылады, олардың мерзімі көрсетілген тізбе бекітілген күннен бастап 35 (отыз бес) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

4. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшерлері жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге байланысты аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімдерімен айқындалады. Бұл ретте көрсетілген мөлшерлер Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 50-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленген жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерінен аспауға тиіс.

5. Конкурс адамдардың мынадай санаттары бойынша өткізіледі:

1) конкурсқа қатысуға өтінім берген кезде дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі 3 (үш) жылдан кем болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен дара кәсіпкерлер, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санатқа жататын адамдар бұрын оларға шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелері берілмеген жағдайда конкурсқа қатысады.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санатқа жататын адамдар үшін конкурсқа бос жер учаскелерінің 300 (үш жүз) гектарына дейінгі мөлшерінде жер учаскелері шығарылады.

6. Конкурсты ұйымдастыруды және өткізуді аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) жыл сайын тиісті жылдың 20 қаңтарына дейінгі мерзімде осы Алгоритмнің 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдар санатын ескере отырып, конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін (бос жер учаскелері болған жағдайда) қалыптастыруды, келісуді және бекітуді жүзеге асырады.

Бұл ретте жер учаскелерін конкурстан тыс беруден бас тарту туралы бұрын қабылданған шешімдерге байланысты күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей конкурстар өткізілуге тиіс жер учаскелерін қоса алғанда, конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін одан әрі қалыптастыру, келісу және бекіту жылына кемінде 2 (екі) рет (бос жер учаскелері болған жағдайда) жүргізіледі.

Бұл ретте осы Алгоритмнің 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдар санаты үшін жер учаскелерінің жалпы саны тізбеге енгізілген жер учаскелерінің жалпы санының кемінде 30 (отыз) пайызын құрайды;

2) конкурсқа шығару үшін тізбеге енгізілген жер учаскелеріне қатысты жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу;

3) конкурс өткізу туралы хабарландыруды веб-порталда орналастыру, хабарландыруды өзінің интернет-ресурсында жариялау, сондай-ақ оны тиісті облыс шегіндегі басқа да аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жіберу.

7. Конкурсты ұйымдастыру үшін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қызметкері (бұдан әрі – жалға беруші) конкурс өткізуге кемінде 15 (он бес) жұмыс күні қалғанда веб-порталда конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастырады, сондай-ақ хабарландырудың өзінің интернет-ресурсында жариялануын және оның тиісті облыс шегіндегі басқа да аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына олардың интернет-ресурстарында орналастыру үшін жіберілуін қамтамасыз етеді.

8. Веб-порталда объектіні және конкурсты құру:

1) жалға беруші жер орналастыру жобасының электрондық көшірмесін енгізеді;

2) конкурс объектісі құрылғаннан кейін веб-портал конкурс өткізу күнін, уақытын және «Конкурсқа өтінімдер қабылдау» деген мәртебені автоматты түрде береді;

3) веб-порталда «Конкурсқа өтінімдер қабылдау» деген мәртебе және конкурс өткізу күні мен уақыты туралы мәліметтер көрсетіледі.

9. Жалға беруші конкурстарды ұйымдастыру және өткізу шартын ұйымдастырушымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жасасады.

10. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) конкурс өткізу күні мен уақытын;

2) жер учаскесінің сипаттамасын (орналасқан жерін, ауданын, алқаптар құрамын, сумен қамтамасыз етілуін, өңірдің ауыл шаруашылығы мамандануын).

11. Конкурсқа қатысу үшін қатысушы веб-порталда электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қою арқылы өтінім береді.

12. Конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін тіркеу конкурс басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын жүргізіледі және конкурс басталғанға дейін 5 (бес) минут бұрын аяқталады.

13. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім мыналарды қамтиды:

1) өтінім беруші конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартын (бұдан әрі – шарт) жасасу жөніндегі міндеттеме;

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша міндеттеме;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру жөніндегі индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аквашаруашылық саласындағы заңнамасының талаптарын орындау (жер учаскесі аквашаруашылықты жүргізу үшін берілген жағдайда) жөніндегі міндеттеме;

4) өтініш беруші өтінімге қоса берген мәліметтер және (немесе) құжаттар шынайы емес болып табылған кезде кез келген кезеңде соттан тыс тәртіппен жеңімпаз немесе жалға алушы мәртебесін кері қайтарып алуға келісім.

14. Осы Алгоритмнің 13-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді веб-портал қабылдамайды.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім мынадай жағдайларда да қабылданбайды:

1) өтінім беруші Кодекстің 24-бабы 1-тармағының үшінші және алтыншы бөліктерінде көрсетілген адам болып табылған кезде;

2) өтінім берушідегі шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматында, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында уақытша өтеулі жер пайдалану құқығында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жалпы жиынтық мөлшері Кодекстің 50-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленген жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерінен асып кеткен кезде;

3) өтінім беруші жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған адамдардың тізілімінде тұрған кезде;

4) өтінім беруші бұрын конкурс жеңімпазы деп танылған, алайда осындай конкурстар өткізілген күннен бастап бір жыл ішінде шартқа қол қоюдан бас тартқан адам болып табылған кезде.

15. Өтінімде көрсетілген деректер мемлекеттік дерекқорлардан және цифрлық жүйелерден автоматты режимде алынған жағдайда, веб-портал қатысушының веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжайына өтінімнің қабылданғаны не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

16. Өтінімі тіркелген және қабылданған қатысушыға веб-портал конкурстық нөмір береді. Өтінімдер ашылған сәтке дейін веб-портал қатысушылар мен олардың өтінімдері туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

17. Конкурс басталған сәтте конкурс объектісі бойынша конкурстық залда бір конкурсқа қатысушы тіркелген және болған жағдайда, жалғыз қатысушыға жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беруге жол берілетін қайталама конкурсты қоспағанда, осы конкурс объектісі бойынша конкурс өтпеген болып танылады.

18. Осы Алгоритмнің 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санатқа жататын қатысушылардың конкурстық ұсыныстары бойынша балдарды веб-портал мынадай өлшемшарттар бойынша береді:

егістікке:

1) белгіленген тәртіппен тіркелген, меншікте (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 6 (алты) ай) не қаржы лизингі туралы заңнамаға сәйкес жасалған қаржы лизингі шарты негізінде уақытша иеленуде және пайдалануда (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 3 (үш) ай) болатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы болған кезде:

- 1 (бір) бірліктен 2 (екі) бірлікке дейін – 3 балл;

- 3 (үш) және одан көп бірлік – 5 балл;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені үшін (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 5 (бес) жыл), жеке тұлғаларға:

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауданда немесе облыстық маңызы бар қалада – 3 балл;

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауылдық елді мекенде – 5 балл;

3) қызметкерлердің болғаны үшін (өтінім берген сәтте әрбір қызметкерде кемінде соңғы 3 (үш) ай әлеуметтік төлемдер болған жағдайда):

- 1 (бір) қызметкерден 2 (екі) қызметкерге дейін – 1 балл;

- 3 (үш) және одан көп қызметкер – 2 балл;

4) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде болғаны үшін – 3 балл;

жайылымдық және шабындық алқаптарға:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқоры (бұдан әрі – АШЖБ) мәліметтері бойынша мынадай мөлшерде ауыл шаруашылығы жануарлары болған кезде (өтінім берушіге төл ретінде тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларын қоспағанда, өтінім берген сәтте кемінде соңғы 6 (алты) ай):

- 1 (бір) бастан 5 (бес) басқа дейін ірі қара мал, жылқы, түйе – 3 балл;

- 6 (алты) және одан көп бас ірі қара мал, жылқы, түйе – 5 балл;

- 1 (бір) бастан 30 (отыз) басқа дейін ұсақ мал – 3 балл;

- 31 (отыз бір) және одан көп бас ұсақ мал – 5 балл;

2) белгіленген тәртіппен тіркелген, меншікте (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 6 (алты) ай) не қаржы лизингі туралы заңнамаға сәйкес жасалған қаржы лизингі шарты негізінде уақытша иеленуде және пайдалануда (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 3 (үш) ай) болатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы болған кезде:

- 1 (бір) бірлік – 1 балл;

- 2 (екі) және одан көп бірлік – 3 балл;

3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені үшін (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 5 (бес) жыл), жеке тұлғаларға:

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауданда немесе облыстық маңызы бар қалада – 3 балл;

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауылдық елді мекенде – 5 балл;

4) қызметкерлердің болғаны үшін (өтінім берген сәтте әрбір қызметкерде кемінде соңғы 3 (үш) ай әлеуметтік төлемдер болған жағдайда):

- 1 (бір) қызметкерден 2 (екі) қызметкерге дейін – 1 балл;

- 3 (үш) және одан көп қызметкер – 2 балл;

5) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде болғаны үшін – 3 балл;

19. Осы Алгоритмнің 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген санатқа жататын қатысушылардың конкурстық ұсыныстары бойынша балдарды веб-портал мынадай өлшемшарттар бойынша береді:

егістікке:

1) белгіленген тәртіппен тіркелген, меншікте (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 6 (алты) ай) не қаржы лизингі туралы заңнамаға сәйкес жасалған қаржы лизингі шарты негізінде уақытша иеленуде және пайдалануда (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 3 (үш) ай) болатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы болған кезде:

- 1 (бір) бірліктен 4 (төрт) бірлікке дейін – 5 балл;

- 5 (бес) және одан көп бірлік – 7 балл;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені үшін (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 5 (бес) жыл), жеке тұлғаларға:

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауданда немесе облыстық маңызы бар қалада – 3 балл;

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауылдық елді мекенде – 5 балл;

3) ауыл шаруашылығы кооперативтеріне – 5 балл;

4) қызметкерлердің болғаны үшін (өтінім берген сәтте әрбір қызметкерде кемінде соңғы 3 (үш) ай әлеуметтік төлемдер болған жағдайда):

- 2 (екі) жұмыскерден 5 (бес) жұмыскерге дейін – 3 балл;

- 6 (алты) жұмыскерден 10 (он) жұмыскерге дейін – 4 балл;

- 11 (он бір) және одан көп жұмыскер – 5 балл;

5) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде болғаны үшін – 5 балл;

жайылымдық және шабындық алқаптарға:

1) АШЖБ дерекқоры мәліметтері бойынша мынадай мөлшерде ауыл шаруашылығы жануарлары болған кезде (өтініш берушіге төл ретінде тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларын қоспағанда, өтінім берген сәтте кемінде соңғы 6 (алты) ай):

- 1 (бір) бастан 30 (отыз) басқа дейін ірі қара мал, жылқы, түйе – 3 балл;

- 31 (отыз бір) және одан көп бас ірі қара мал, жылқы, түйе – 5 балл;

- 1 (бір) бастан 10 (жүз) басқа дейін ұсақ мал – 3 балл;

- 101 (жүз бір) және одан көп бас ұсақ мал – 5 балл;

2) белгіленген тәртіппен тіркелген, меншікте (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 6 (алты) ай) не қаржы лизингі туралы заңнамаға сәйкес жасалған қаржы лизингі шарты негізінде уақытша иеленуде және пайдалануда (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 3 (үш) ай) болатын өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы болған кезде:

- 1 (бір) бірліктен 3 (үш) бірлікке дейін – 3 балл;

- 4 (төрт) және одан көп бірлік – 5 балл;

3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені үшін (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 5 (бес) жыл), жеке тұлғаларға:

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауданда немесе облыстық маңызы бар қалада – 3 балл;

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауылдық елді мекенде – 5 балл;

4) ауыл шаруашылығы кооперативтеріне –5 балл;

5) қызметкерлердің болғаны үшін (өтінім берген сәтте әрбір қызметкерде кемінде соңғы 3 (үш) ай әлеуметтік төлемдер болған жағдайда):

- 2 (екі) жұмыскерден 5 (бес) жұмыскерге дейін – 3 балл;

- 6 (алты) жұмыскерден 10 (он) жұмыскерге дейін – 4 балл;

- 11 (он бір) және одан көп жұмыскер – 5 балл;

6) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде болғаны үшін – 5 балл.

20. Аквашаруашылықты жүргізу үшін берілетін конкурстық ұсыныстар бойынша балдарды веб-портал мынадай өлшемшарттар бойынша береді:

1) жүргізілуі «Аквашаруашылық субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 16 қыркүйектегі № 296 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36882 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылатын аквашаруашылық субъектілерінің тізілімінде болғаны үшін – 5 балл;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені үшін (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 5 (бес) жыл), жеке тұлғаларға:

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауданда немесе облыстық маңызы бар қалада – 3 балл;

- жер учаскесі орналасқан жердегі ауылдық елді мекенде – 5 балл;

3) қызметкерлердің болғаны үшін (өтінім берген сәтте әрбір қызметкерде кемінде соңғы 3 (үш) ай әлеуметтік төлемдер болған жағдайда):

- 2 (екі) жұмыскерден 5 (бес) жұмыскерге дейін – 3 балл;

- 6 (алты) жұмыскерден 10 (он) жұмыскерге дейін – 4 балл;

- 11 (он бір) және одан көп жұмыскер – 5 балл.

21. Өтінімдерді ашуды және осы Алгоритмнің 18, 19 және 20-тармақтарына сәйкес баллдар беруді веб-портал конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген конкурс күні мен уақыты басталған кезде автоматты түрде жүргізеді.

22. Аудан (облыстық маңызы бар қала) және ауылдық елді мекен бойынша жеке тұлғаларға осы Алгоритмнің 18, 19 және 20-тармақтарына сәйкес тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені үшін (өтінім берген сәтте кемінде соңғы 5 (бес) жыл) балдар қосылмайды.

23. Неғұрлым жоғары балл жинаған қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Екі немесе одан көп қатысушының балдары тең болған жағдайда, веб-порталда конкурсқа қатысуға өтінімді бірінші болып берген қатысушы конкурс жеңімпазы деп танылады.

24. Жеңімпаз қабылдаған, осы Алгоритмнің 13-тармағында көрсетілген міндеттемелер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің пайдаланылуын мониторингтеу барысында тексеріледі.

25. Конкурс барысында техникалық ақау туындаған кезде ұйымдастырушы техникалық ақаудың бар болу фактісін тіркейді және ол болған жағдайда веб-порталда ақпарат орналастыру арқылы бұл туралы барлық конкурс қатысушыларын хабардар етеді.

Қатысушының компьютерлік және (немесе) телекоммуникациялық жабдығының техникалық ақауы конкурсты тоқтата тұруға негіз болып табылмайды.

Конкурс өткізуге кедергі келтіретін веб-порталда техникалық ақау фактісі болған жағдайда, ұйымдастырушы бұл туралы жалға берушіні дереу хабардар етеді. Конкурстың жалғасуы ұйымдастырушы техникалық ақауды жойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұйымдастырылады. Конкурсқа жіберілген қатысушылар веб-порталда мәліметтерді орналастыру және олардың веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжайларына тиісті хабарлама жіберу

арқылы аталған конкурсты жалғастыру күні мен уақыты туралы алдын ала хабардар етіледі.

26. Конкурс қорытындылары хаттамамен ресімделеді, оған конкурс өткізілген күні жалға беруші ЭЦҚ пайдалана отырып веб-порталда қол қояды.

Конкурс қорытындысы туралы хаттама конкурс объектісі, өтінімдер берілген күн мен уақыт, қатысушы(-лар), балдарды салыстыру нәтижелері және конкурс жеңімпазы туралы мәліметтерді қамтиды.

Конкурс қорытындысы туралы хаттамаға сотта шағым жасалуы мүмкін.

27. Жалға беруші жеңімпаздың өтінімде қоса берген өтінімін, мәліметтерін және (немесе) құжаттарын шынайылығы мен толықтығы тұрғысынан тексереді. Дұрыс емес және (немесе) толық емес мәліметтер және (немесе) құжаттар анықталған жағдайда, жалға беруші веб-порталда ЭЦҚ-мен конкурс нәтижелерін жою туралы актіге қол қояды.

28. Жеңімпаз және (немесе) конкурсқа қатысушылар конкурс аяқталғаннан кейін веб-порталда көрсетілген электрондық пошта арқылы конкурс нәтижелері туралы хабардар етіледі.

Жалға беруші конкурс қорытындысы туралы мәліметтерді веб-порталда орналастырады, сондай-ақ хаттама қалыптастырылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде олардың өзінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етеді.

29. Конкурс қорытындысы туралы хаттама аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімі және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорты негізінде конкурс жеңімпазымен шарт жасалады, оған жеңімпаз хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қоюға тиіс.

Конкурс жеңімпазының конкурс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы кейінгі конкурстарға қатысуға құқығы жоқ.

30. Конкурстың өтпеген болып танылуы веб-порталда конкурстың өтпегені туралы актімен ресімделеді.

31. Конкурс өтпеді деп танылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайталама конкурс өткізіледі.

Қайталама конкурсты ұйымдастыру үшін жалға беруші қайталама конкурс өткізуге кемінде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда веб-порталда қайталама конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастырады, сондай-ақ оның өзінің интернет-ресурсында жариялануын және оның тиісті облыс шегіндегі басқа да аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына олардың интернет-ресурстарында орналастыру үшін жіберілуін қамтамасыз етеді.

Қайталама конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін тіркеу конкурс басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын жүргізіледі және конкурс басталғанға дейін 5 (бес) минут бұрын аяқталады.

Қайталама конкурс өткізілген кезде өтінім берген және осы Алгоритмнің талаптарына сәйкес келетін жалғыз қатысушыға жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беруге жол беріледі.

32. Ұйымдастырушының интеграция арқылы мемлекеттік деректер қорларынан конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті мәліметтерді алуға техникалық мүмкіндігі болмаған кезде жалға беруші арнайы құрылған тізілімдер мен анықтамалықтарды толтыру арқылы веб-порталда тиісті деректерді енгізуді және өзектендіруді қамтамасыз етеді.

33. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу бойынша шығындар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

СОВМЕСТНЫЙ ПРИКАЗ
Министра сельского хозяйства Республики Казахстан
от 21 сентября 2026 года № 342, Министра финансов Республики Казахстан
от 9 октября 2026 года № 684 и Генерального прокурора Республики
Казахстан от 9 октября 2026 года № 161

Об утверждении алгоритма по организации и проведению конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в электронной форме

В соответствии с пунктом 29 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 8 сентября 2025 года «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию», утвержденного Указом Президента Республики Казахстан от 13 октября 2025 года № 1042, **ПРИКАЗЫВАЕМ:**

1. Утвердить прилагаемый Алгоритм по организации и проведению конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в электронной форме в Сарканском районе области Жетiсу и в Ерейментауском районе Акмолинской области с даты вступления в силу настоящего совместного приказа по 30 октября 2026 года.

2. Комитету по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан в установленном законодательством порядке обеспечить:

